

Нұра ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормаларын, сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті бекіту туралы

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 440 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 сәуірде № 5805 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1), 2) тармақшаларына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Нұра аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Нұра ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормалары 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

сессия төрағасы
Нұра аудандық мәслихатының хатшысы

Н. Сулейменов
Т. Оспанов

Нұра аудандық
мәслихатының
2020 жылғы 16 сәуірі
№ 440
шешіміне 1 қосымша

Нұра ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық жинақталу нормасы, (м ³)
1.	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,72 2,24
2.	Жатақханалар, интернаттар, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,73
3.	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,8
4.	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,62
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,11
6.	Емханалар	1 келіп кету	0,0058

7.	Ауруханалар, дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік амбулаториялық пунктері, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,15
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,23
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,17
10.	Концерт залдары, мәдениет үйлері, ауылдық клубтар	1 отыратын орын	0,37
11.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,041
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Ж о б а бойынша 1 орын	0,045
13.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,058
14.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	0,85
15.	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м 2	0,32
16.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,32
17.	Көтерме базалары, азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,45
18.	Халыққа қызмет көрсететін кәсіпорындар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,82
19.	Автовокзалдар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,36
20.	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	-
21.	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,41
22.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,5
23.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,25
24.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,34
25.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,47
26.	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,15
27.	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,47

28	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,65
29	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 0 0 0 қатысушы	0,0037

Нұра аудандық
мәслихатының
2020 жылғы 16 сәуірі
№ 440
шешіміне 2 қосымша

Нұра ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Жинақталу нормасы м ³	0,75 м ³ (1 контейнер) тариф (ҚҚС) (теңге)	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көму құны, айына (теңге)	
Заңды тұлғалар (0,75 м ³)		1500		
Заңды тұлғалар мемлекеттік мекемелер, бюджеттік ұйымдар (0,75 м ³)		1500		
Жеке тұлғалар	Тұрмысқа жайлы тұрғын үйлер (1 тұрғынға)	1,72	1500	215
	Жайсыз тұрғын үйлер (1 тұрғынға)	2,24	1500	280

Ескерту: ҚҚС – қосылған құн салығы;
м³ - текше метр